

ОТЗЫВ
зарубежного научного консультанта
доктора педагогических наук, доцента, заведующего кафедрой психологии
и педагогики учреждения образования «Белорусский
государственный университет культуры и искусств»
Малаховой Ирины Александровны
на диссертационную работу Кулданова Наурыза Талгатовича
«Развитие креативности будущих бакалавров
музыкального образования в процессе вокального обучения»,
представленную на соискание степени доктора философии (PhD) по
образовательной программе «8D01402 - Музыкальное образование»

Актуальность темы, рассматриваемой Н.Т. Кулдановым, обусловлена приоритетами, обозначенными в Концепции развития высшего образования и науки, а также в Концепции развития креативных индустрий Республики Казахстан. Указанные нормативные документы подчеркивают важность подготовки специалистов новой формации, обладающих креативным и инновационным мышлением, способных адаптироваться к современным вызовам и эффективно решать профессиональные задачи. В этом контексте особую значимость приобретает переосмысление подходов к обучению и воспитанию будущих педагогов, направленных на раскрытие их творческого потенциала и способности к нестандартному профессиональному мышлению.

В диссертационном исследовании Н.Т. Кулданов последовательно обосновывает актуальность изучаемой проблемы посредством выявления и конкретизации ряда противоречий, что позволяет чётко определить цель исследования, сформулировать задачи, а также обозначить объект и предмет научного поиска. Исследование отличается продуманной логикой построения, теоретико-методологической обоснованностью и внутренней согласованностью всех компонентов исследования — от постановки проблемы до формулировки выводов.

Одним из значимых достоинств диссертации является актуализация междисциплинарного научного дискурса, способствующего комплексному анализу феномена креативности и системному осмысливанию условий и факторов, определяющих целесообразность и возможности её развития у будущих бакалавров музыкального образования. На основе анализа современного состояния педагогической науки докторант выделяет ключевые функции креативности, обладающие профессиональной значимостью для будущих учителей: мотивационную, гносеологическую, прогностическую и деятельностную. Эти функции рассматриваются как важнейшие механизмы формирования способности к творческой активности, направленной на интериоризацию нового знания, генерацию оригинальных идей, а также на их успешную реализацию в процессе профессиональной деятельности.

Особое внимание в исследовании удалено раскрытию структуры креативности будущих бакалавров музыкального образования, включающей личностно-мотивационный, художественно-когнитивный, перцептивно-рефлексивный и перформативно-праксиологический компоненты.

В соответствии с этим разработана методика развития креативности, основанная на синтезе плюралистического, итеративного, трансцендентного и партисипативного подходов, реализуемых в процессе вокального обучения. Методика опирается на специально выделенные педагогические условия и направлена на формирование устойчивых креативных способностей у будущих специалистов.

Наряду с указанными выше, в диссертации представлены чётко сформулированные критерии развития креативности: ценностно-интенциональный, музыкально-профессиональный, организационно-коммуникативный и результативно-деятельностный, что обеспечивает объективность оценки эффективности реализуемой методики. Достоверность полученных результатов обеспечивается высоким уровнем теоретико-методологического обоснования исследования, а также рациональным выбором и обоснованным применением совокупности научных методов, соответствующих поставленным целям и задачам.

Эмпирическая часть исследования основана на использовании эффективного диагностического инструментария, способствующего получению валидных и репрезентативных данных. Результаты опытно-экспериментальной работы прошли как качественную, так и количественную обработку: произведены расчёты коэффициентов проявления исследуемых качеств, а также проведена проверка статистической значимости различий между результатами на основе формулы углового преобразования Р. Фишера. Диссертант подробно освещает процесс проведения всех этапов эксперимента, наглядно демонстрирует статистически выверенную положительную динамику формирования исследуемого качества личности, подтверждая тем самым эффективность разработанной в ходе исследования методики. Все подсчеты отражены в таблицах и в диаграммах. Данные процедуры подтвердили эффективность разработанной методики и обоснованность сформулированных научных положений, выводов и практических рекомендаций.

Диссертационная работа Кулданова Наурыза Талгатовича на тему «Развитие креативности будущих бакалавров музыкального образования в процессе вокального обучения», представленная на соискание степени доктора философии (PhD) по образовательной программе «8D01402 – Музыкальное образование», является целостным, завершённым, самостоятельным и оригинальным научным исследованием, обладающим высокой степенью теоретической проработанности и практической направленности. Достоверность и валидность полученных результатов обеспечены применением адекватных методов исследования, а также подтверждены экспериментальной проверкой и положительными результатами внедрения обоснованных подходов в образовательную практику.

Таким образом, представленная диссертация Н.Т. Кулданова отвечает всем требованиям, предъявляемым к докторским исследованиям (PhD), и заслуживает положительной оценки как значимый научный труд в области музыкального образования. Научная обоснованность, практическая значимость, достоверность полученных результатов исследования, а также, подтвержденность реализации и

его целей и задач дают основания заключить, что выполненное диссертационное исследование соответствует всем требованиям, предъявляемым к научной квалификационной работе, рекомендуется к публичной защите, а соискатель Кулданов Наурыз Талгатович заслуживает присвоения степени доктора философии (PhD) по образовательной программе «8D01402-Музыкальное образование».

Научный консультант,
доктор педагогических наук, доцент,
заведующий кафедрой психологии
и педагогики учреждения образования
«Белорусский государственный
университет культуры и искусств»

И.А. Малахова



Подлинность подписи удостоверяю
Ведущий № специалист отдела правовой и
кадровой работы Ю.А.Рыбакова
15.03.2023

Кулданов Наурыз Талгатовичтің «Вокалды оқыту үдерісінде болашақ музикалық білім бакалаврларының креативтілігін дамыту» тақырыбында 8D01402 – «Музикалық білім» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындаған диссертациялық зерттеуіне педагогика ғылымдарының докторы, доцент, «Беларусь мемлекеттік мәдениет және өнер университеті», психология және педагогика кафедрасының менгерушісі, шетелдік ғылыми кеңесші Малахова Ирина Александровнаның

ПІКІРІ

Н.Т. Кулданов қарастырып отырған зерттеу тақырыбының өзектілігі Қазақстан Республикасының Жоғары білім мен ғылымды дамыту және Креативті индустримальарды дамыту тұжырымдамаларында айқындалған басымдықтармен тығыз байланысты. Аталған нормативтік күжаттар заманауи сын-қатерлерге бейімделе алатын, кәсіби міндеттерді тиімді түрде шеше білетін, креативті және инновациялық ойлауға ие жаңа формациядағы мамандарды даярлаудың маңыздылығын атап көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, болашақ педагогтардың шығармашылық әлеуетін ашуға және кәсіби ойлаудың стандарттан тыс тәсілдеріне бейімділігін қалыптастыруға бағытталған білім беру мен тәрбиелеу әдістерін қайта қарастыру ерекше мәнге ие.

Сондай ақ, Н.Т. Кулдановтың диссертациялық зерттеуінде қарастырылып отырған мәселенің өзектілігі бірқатар қарама-қайшылықтарды айқындау және нақтылау арқылы дәйекті түрде негізделеді. Бұл өз кезегінде зерттеудің мақсатын айқын белгілеуге, міндеттерін нақты түрде айқындауға, ғылыми зерттеу жұмысының нысаны мен пәнін дұрыс анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысы мәселені қоюдан бастап қорытынды жасауға дейінгі барлық кезеңдерінің өзара логикалық байланысымен, теориялық және әдіснамалық тұрғыдан жан-жақты негізделуімен, сондай-ақ ішкі құрылымдық жағынан тұтастығымен ерекшеленеді.

Диссертациялық жұмыстың маңызды артықшылықтарының бірі - креативтілік феноменін кешенді талдауға және оны болашақ музикалық білім бакалаврларының бойында дамытуға ықпал ететін жағдайлар мен факторларды жүйелі түрде түсінуге мүмкіндік беретін салааралық ғылыми дискурсты өзектендіру болып табылады. Педагогика ғылымының қазіргі даму жағдайына талдау жасай отырып, докторант креативтіліктің болашақ мұғалімдер үшін кәсіби тұрғыда маңызды негізгі функцияларын айқынрайтады: мотивациялық, гносеологиялық, болжамдық және қызметтік. Аталған функциялар жаңа білімді менгеру, тың идеяларды генерациялау және оларды кәсіби қызмет барысында табысты іске асыруға бағытталған шығармашылық белсенділік қабілетін қалыптастырудың басты тетіктері ретінде қарастырылады.

Зерттеуде болашақ музикалық білім бакалаврларының креативтілігінің құрылымын ашуға да ерекше мән берілген. Құрылымда тұлғалық-мотивациялық, көркемдік-когнитивті, перцептивті-рефлексиялық, перформативті-праксиологиялық компоненттер айқындалып сәйкестендірілген.

Сонымен бірге, вокалды оқыту үдерісінде жүзеге асыруда плюралистік, итеративтік, трансценденттік және партисипативтік тұғырлардың синтезіне негізделген креативтілікті дамытудың әдістемесі әзірленеді. Әдістеме арнайы педагогикалық шарттарға негізделіп, болашақ мамандардың бойында тұрақты түрде креативті қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған.

Жоғарыда көрсетілгендермен қатар, диссертацияда креативтілікті дамытудың нақты айқындалған өлшемдері ұсынылады. Атап айтқанда, олар: құндылық-интенционалдық, кәсіби музикалық, ұйымдастырушылық-коммуникативтік және нәтижелілік-қызметтік өлшемдер. Көрсетілген өлшемдер, әдістеменің тиімділігін объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелерінің шынайылығы, зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізінің жоғары деңгейде дәлелденуімен, сондай-ақ қойылған мақсат пен міндеттерге сай келетін ғылыми әдістердің орынды таңдалып, негізді қолданылуымен қамтамасыз етілген.

Зерттеудің эмпирикалық бөлімі дәйекті және репрезентативті деректер алуға мүмкіндік беретін тиімді диагностикалық құралдар кешенін пайдалануға негізделген. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері сапалық және сандық өндеуден өткізілген, атап айтқанда, зерттеліп отырған мәселенің көрінісінің коэффициенттері есептеліп, Р. Фишердің бұрыштық түрлендіру формуласы негізінде нәтижелер арасындағы айырмашылықтардың статистикалық мәні айқындалған. Диссертация авторы эксперименттің барлық кезендерін жүргізу барысын жан-жақты сипаттап, зерттеліп отырған тұлғалық сапаның қалыптасуындағы статистикалық тұрғыдан дәлелденген оң серпінің айқын көрсетеді. Бұл өз кезегінде зерттеу барысында әзірленген әдістеменің тиімділігін дәлелдейді. Барлық есептеулер кестелер мен диаграммалар түрінде диссертацияда көрнекі түрде ұсынылған. Жүргізілген эксперименттік жұмыстар әзірленген әдістеменің тиімділігін, сондай-ақ тұжырымдалған ғылыми қағидалар, қорытындылар мен практикалық ұсынымдардың негізділігін раставды.

Кулданов Наурыз Талгатовичтің «Вокалды оқыту үдерісінде болашақ музикалық білім бакалаврларының креативтілігін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы «8D01402 – Музикалық білім» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған ғылыми еңбегі, жоғары теориялық негізделуімен, практикалық тұрғыда бағдарлануымен ерекшеленетін тұтас, аяқталған, дербес әрі түпнұсқалы ғылыми зерттеу болып табылады.

Алынған нәтижелердің шынайылығы мен дәйектілігі зерттеуге сай келетін тиімді әдістерді қолдану арқылы қамтамасыз етіліп, эксперименттік жолмен тексеріліп, негізделген тәсілдерді білім беру тәжірибесіне енгізу барысында алынған оң нәтижелермен дәлелденеді.


Кулданов Наурыз Талгатовичтің ұсынып отырған докторлық диссертациясы философия докторы (PhD) дәрежесіне қойылатын барлық талаптарға толық сәйкес келеді және музикалық білім саласындағы маңызды ғылыми еңбек ретінде оң бағаға лайықты. Зерттеу нәтижелерінің ғылыми

негізділігі, практикалық маңыздылығы, нәтижелердің сенімділігі, қойылған мақсаттар мен міндеттердің жүзеге асырылуы диссертациялық зерттеудің ғылыми біліктілік жұмысына қойылатын барлық талаптарға толық сәйкес келетінін көрсетеді. Диссертациялық жұмыс көпшілік алдында қорғауға ұсынылады, ал ізденуші Кулданов Наурыз Талгатович «8D01402 – Музыкалық білім» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін лайықты деп есептеймін.

**Ғылыми кеңесші,
Педагогика ғылымдарының докторы,
доцент, «Беларусь мемлекеттік мәдениет
және өнер университеті» білім беру
мекемесінің психология және педагогика
кафедрасының менгерушісі**

/қолы/

И.А. Малахова



Mər:

Құқықтық және кадрлық жұмыс бөлімі №4
«Беларусь мемлекеттік мәдениет және өнер университеті»
білім беру мекемесі Беларусь Республикасының Мәдениет
министрлігі.

Mərtaban:

Қолдың тұпнұсқалығын қуәландырамын
Құқықтық және кадрлық жұмыс бөлімінің жетекші маманы
/қолы/Ю. А. Рыбакова
15.03.2023

Текст-перевод документа с русского языка на казахский язык выполнен мною, переводчиком ИП «Ariana Translation (Ариана Транслэйшн)» Ф.И.О. переводчика ИП «Ariana Translation (Ариана Транслэйшн)»:

Мадимаров Мадияр Рафиковна

Город Алматы, Республика Казахстан. Двадцать пятое июня две тысячи двадцать пятого года. Я, Мадимаров Мадияр Мадимарулы, нотариус города Алматы, действующий на основании лицензии №16012257, выданной 01.08.2016 года Министерством юстиции Республики Казахстан, свидетельствую подлинность подписи переводчика ИП «Ariana Translation (Ариана Транслэйшн)» гр. Исмагиловой Регины Рафиковны. Личность переводчика установлена, дееспособность и полномочия проверены.


Күжаттың орыс тілінен қазак тіліне аудармасын орындаған "Ariana Translation (Ариана Транслэйшн)" ЖК аудармашысы Исмагилова Регина Рафиковна. «Ariana Translation (Ариана Транслэйшн)» ЖК аудармашысының толық аты және қолы:

Екі мың жырма бесінші жылдың маусым айының жырма бесінші күні. Мен, Мадимаров Мадияр Мадимарулы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі берген 01.08.2016 жылғы №16012257 мемлекеттік лицензияның негізінде әрекет ететін Алматы қаласының нотариусы, "Ariana Translation (Ариана Транслэйшн)" ЖК аудармашысы Исмагилова Регина Рафиковнаның түпнұсқалығын куәландырамын. Аудармашының жеке басы анықталды, қабілеттілігі мен өкілеттігі тексерілді.

Зарегистрировано в реестре за №5489-822/ Тізілімде тіркелген №5489-822

Взыскано: 2084 тенге/ Өндірілді: 2084 теңге

Нотариус/ Нотариус



ST3005731250625185633A91751B

Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей номірі / Уникальный номер нотариального действия